

Текелі қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2013 жылғы 08 қарашадағы N 22-134 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментімен 2013 жылы 13 желтоқсанда 2520 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 39-259 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының
27.05.2015 № 39-259 шешімімен.
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы
с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 422-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызметін Текелі қаласының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Текелі қалалық мәслихатының 2010 жылғы 03 желтоқсандағы "Кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" N 26-197 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылғы 29 желтоқсанда N 2-3-86 нөмірімен тіркелген, "Текелі тынысы" газетінің 2011 жылғы 07 қаңтардағы 1 нөмірінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Текелі қалалық мәслихатының "Бюджет және экономика мәселесі бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Қалалық

мәслихат

сессиясының

төрайымы Н .

С и б и р я к о в а

Текелі қалалық

мәслихатының хатшысы Н.

К а л и н о в с к и й

К Е Л І С І Л Д І :

"Текелі қаласы

бойынша салық басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің

б а с ш ы с ы Исабаев Ермек Сәбитұлы

08 қараша 2013 жыл

"Текелі қаласының

кәсіпкерлік бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

б а с ш ы с ы Тұрысбеков Жандос Мұхаметқалиұлы

0 8 қ а р а ш а 2 0 1 3 ж ы л

Текелі қалалық мәслихатының
2013 жылғы 8 қарашадағы
"Текелі қаласы бойынша
бірыңғай тіркелген салық
ставкаларын белгілеу туралы"
N 22-134 шешіміне қосымша

Текелі қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкалары

Рет N	Салық салу объектісінің атауы	Текелі қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	2
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2

3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан